

Мирзаходжаев А.

Өзбекстан халықаралық ислам академиясы, Өзбекстан, Ташкент қ.

e-mail: patron.81@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ ДІН САЛАСЫНДАҒЫ КОНЦЕПЦИЯСЫ (ӨЗБЕКСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ)

Мақалада Өзбекстан мен Қазақстанның діни салаға қатысты мемлекеттік саясатының тұжырымдамалық негізі заңнамалық-құқықтық, діни білім беру, діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудағы тәжірибесі мен діни ұйымдардың мемлекеттік аппаратпен біріге атқарып жатқан өзара әріптестік іс-қимылдары аясында сараланған. Орта Азиядағы екі елдің дін мен мемлекет қатынасының ерекшеліктері, зайырлылық моделі салыстырмалы әдіс арқылы, тарихи тәжірибені есепке ала отырып талданған.

Бұл зерттеу – Өзбекстан мен Қазақстандағы діни саланың түрлі қырларын мемлекеттік саясатпен ұштастыра зерделейтін маңызды ғылыми тұжырымдарды ұсынады. Сонымен қатар дін мен мемлекет қатынасының заман шарттарына сай түрлену динамикасын құқықтық, діни білім беру мен институционалдық даму сатылары бойынша тұжырымдай отырып, екі елдің дін саласындағы мемлекеттік саясатын бағамдайтын маңызды тұжырымдар ұсынады. Салыстырмалы әдісті қолдана отырып, дін саласындағы мемлекеттік шешімдердің әлеуметтік-саяси астарына үңіледі.

Сондай-ақ, автор мақалада мемлекеттік саясаттың діни және зайырлы құндылықтар қалыптастырудағы рөлін жан-жақты талдай отырып теориялық әдебиеттер мен практикалық тұжырымдарды ұштастырған. Осылайша екі елдің діни саладағы даму бағытын ғылыми тұрғыдан дәйектеген әрі басты ерекшеліктерін саралап көрсеткен.

Түйін сөздер: Қазақстан, Өзбекстан, Орта Азия, САДҰМ, дін, мемлекеттік саясат, діни сала.

A. Mirzakhojaev

International Islamic Academy of Uzbekistan, Uzbekistan, Tashkent

e-mail: patron.81@mail.ru

The conceptions of state policy in the sphere of religion (experiences of Uzbekistan and Kazakhstan)

The article examines the conceptual basis of governmental policy in the sphere of religion Kazakhstan and Uzbekistan within the framework of legislative and religious education; experience against religious extremism and terrorism, as well as cooperation between the state and religious organizations. Taking into account the historical experience and using the method of comparative studies, the author analyzes the distinctive features of two Central Asian states in terms of state and religions interaction, as well as their secular models. This study provides valuable scientific findings that comprehends various religious aspects in connection with the governmental policy of Uzbekistan and Kazakhstan.

And also, it sums up the dynamics of state–religion relations within legislative and religious education, and institutional development stages in the modern context and helps to assess the governmental policy in the sphere of religion in two countries.

The author comprehensively analyzes the role of public policy in the formation of religious and secular values.

Key words: Kazakhstan, Uzbekistan, Central Asia, SADUM, Religion, State Policy, Sphere of Relig.

А. Мирзаходжаев

Международная исламская академия Узбекистана, Узбекистан, г. Ташкент

e-mail: patron.81@mail.ru

Концепции государственной политики в сфере религии (опыт Узбекистана и Казахстана)

В статье рассматриваются концептуальные основы государственной политики в сфере религии Казахстана и Узбекистана в рамках законодательного и религиозного образования; опыт

борьбы с религиозным экстремизмом и терроризмом, а также сотрудничество государства и религиозных организаций. С учетом исторического опыта и методом сравнительных исследований автор анализирует отличительные черты двух центральноазиатских государств с точки зрения взаимодействия государства и религий, а также их светские модели. Это исследование содержит ценные научные данные, охватывающие различные религиозные аспекты в связи с государственной политикой Узбекистана и Казахстана. Анализ теоретико-методологических основ взаимоотношений религии и государства является одним из приоритетных направлений религиоведения, которое способствует пониманию и формированию эффективного взаимодействия религии и государства. А также обобщает динамику государственно-религиозных отношений в рамках законодательного и религиозного образования, этапы институционального развития в современных условиях и помогает оценить государственную политику в сфере религии в двух странах.

Также в статье автор объединил теоретическую литературу и практические выводы, всесторонне проанализировав роль государственной политики в формировании религиозных и светских ценностей.

Таким образом, с научной точки зрения было показано направление развития религиозной сферы двух стран и выделены существенные особенности.

Ключевые слова: Казахстан, Узбекистан, Средняя Азия, САДУМ, религия, государственная политика, религиозная сфера.

Кіріспе

Мемлекеттің қалыптасуында дін саласын жіті зерттеп барып, оңтайлы шешімдер қабылданыуы тиіс. Осы орайда жалпы түркі тілдес, діні бір Қазақстан мен Өзбекстанның дін саласын реттеу тетіктерін үйренудің маңызы зор. Себебі екі ел де Кеңес тұсында бір шаңырақтың астында, орталықтандырылған діни басқарма тарапынан басқарылғаны белгілі. Тәуелсіздіктен соң әр ел өз бетінше дамып, дін саласын реттеуде кейбір айырмашылықтар болғанымен, оның институционалды ұқсастықтары болды. Екі елдің Конституциясы мен діни бірлестіктер туралы туралы қабылданған заңдарында да айтарлықтай ұқсастықты көруге болады. Екі елдің діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңда ұлттық, діни негізге орай партия немесе саяси ұйым құруға болмайтындығы. Бұл енді аяққа тұрып келе жатқан елдерге өзінің бағыт-бағдарын айқындауға, дамыған, зайырлы елдердің оң жетістіктерін саралауға уақыт тұрғысынан көп мүмкіндік беретін еді. Себебі, біріншіден, 90-жылдары Қазақстан мен Өзбекстан да ұлттық әрі діни негіздегі әсірешіл топтардың қауіп-қатеріне тап болған болса, екінші жағынан, сыртқы елдердің жас мемлекетке экономикалық-саяси тұрғысынан қызығушылық тудыруы еді. Діни саланы реттеуге қатысты озық елдердің тәжірибесін пайдалана отырып, ұлттық ерекшелікті ескеріп, елдің тұтастығы мен бірлігі үшін қабылданған заңдар маңызды болды. Қабылданған заңның мазмұнына зер салсақ екі елдің діни салаға байланысты мемлекеттік саясаты біріне-бірі өте жақын екенін көруге болады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Мемлекеттік саясаттың дін саласындағы концепциясы (Өзбекстан мен Қазақстан тәжірибесі) атты тақырыпты таңдауымыздың себебі бүгінгі таңда дін саласын реттеу мәселесі қай елде болмасын өте өзекті тақырып болып отыр. Дүниежүзілік деңгейде зерттеліп отырған тақырып болғандықтан, мақала жазуға әбден лайықты тақырыптардың бірі болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мемлекеттік саясаттың дін саласындағы концепциясының маңыздылығына қатысты берілген мақаланы жазу барысында зерттеу әдістерінің мына түрлері қолданылды: сипаттамалық әдіс, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық әдіс, статистикалық әдіс түрлері қолданылды. Сондай-ақ, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы дінаралық диалогтың орнауын көрсету барысында сипаттамалық және салыстырмалы әдіс көбірек қолданылды.

Негізгі бөлім

Бір қарағанда мұсылмандықтың орталығы саналатын Таяу Шығыстан тым жырақта жатқан Орталық Азия елдері ислам әлемінің перифериясы сияқтанып көрінуі мүмкін. Алайда ауқымды аймақты алып жатқан Орталық Азия, соның ішінде қазіргі Өзбекстан ислам тарихында маңызды орынға ие. VIII ғасырдан басталған Орталық Азияның, яғни қазіргі

Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан мен Өзбекстанның исламизациясынан кейін аймақтың ілім-білім оазистерінде ол уақытта әлемде ешбір аналогы жоқ ғаламат интеллектуалдық орта қалыптасқан еді (Starr, 2013, 11-25). Осыншама ұлан-ғайыр аймақта орын тепкен Өзбекстан мен Қазақстанның қоғамдық өміріндегі діни саланы аталмыш тарихи тәжірибені негізге ала отырып, жаңа шарттарға сай тұжырымдау маңызды. Осы орайда зайырлы, құқықтық һәм демократиялық жолды тандаған екі елдің мемлекеттік саясатындағы діни салаға қатысты концепцияларды аймақтың рухани мәдениетін негізге ала отырып жүйелеу – кезек күттірмес мәселе болып көрінеді.

Өзбекстан мен Қазақстан географиялық әрі туыстық жақындық тұрғысынан ғана емес, өткен тарихтағы мәдени, діни және саяси құрылымдық жағынан өте жақын қарым-қатынасты бастан кешіріп келе жатқан іргелес мемлекеттер екенін айтып өттік. Ал мемлекет пен дін қатынасының тәжірибесін жақын тарих негізінде қарастырар болсақ, Кеңес кезеңінен бастап, тәуелсіздік алғаннан кейін де, діни саясатты жүргізуде құрылымдық болсын, заңнамалық болсын, діни экстремизм мен террористік қауіп-қатерге біріге қарсы тұру шаралары тұрғысынан болсын ұқсас тәжірибелерді іске асырумен қатар, түрлі ерекшеліктерді де жүзеге асыруда. Ең әуелі Кеңес үкіметі кезіндегі САДУМ (Орта Азия және Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы) секілді Кеңес билігінің жергілікті мұсылман жұртшылыққа қатысты ұстанымы мен социалистік құрылымдағы мемлекеттік аппараттың дін саясатын танытқан құрылым – осы байланыстың ең күрделі тарихын танытады. Себебі, сол кезеңде бір шетінен Патшалық Ресей тұсындағы Уфа муфтилігінің ықпалы Қазақстан территориясында қызметін тоқтатса, екінші жағынан Кеңес үкіметіндегі коммунистік идеология дінді толық бақылауда ұстауды іске асырып, орта және жоғары білім компоненттерінде атеистік ұстанымды дінге қарсы қоятын (Bennigsen & Lemercier-Quelquejau, 1979, 148-149). Осы екінші ерекшелік қос республикадағы мемлекеттік дін саясатының XX ғасырдағы ұзақ мерзімді табиғатын танытады. Ал қос елдің 90 жылдардан күнімізге дейінгі діни саладағы мемлекеттік саясатында ортақ тұстар мен ерекшеліктер қатар жүреді деуге болады.

Мақалада, екі елдің ортақ тарихи тәжірибесін танытатын Кеңес үкіметі кезіндегі діни саясаттың ерекшеліктеріне қысқаша тоқталған соң,

салыстырмалы әдіс тұрғысынан Қазақстан мен Өзбекстанның діни саясатының тәуелсіздіктен кейінгі жағдайына кеңірек орын беруді жөн көріп отырмыз. Қолда бар деректерді заңнамалық-құқықтық, діни білім беру, діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудағы мемлекеттік тұжырымдамалар мен діни ұйымдардың мемлекеттік аппаратпен біріге атқарып жатқан дін саласындағы өзара әріптестік іс-қимылдары аясында саралау маңызды деп санаймыз. Осы арқылы Өзбекстан мен Қазақстандағы дін мен мемлекет қатынасының ерекшеліктерін, зайырлылық моделінің эволюциясын, қос елдің мемлекеттік саясатындағы діни салада іске асып жатқан тұжырымдамаларды саралауға болады.

Қазақстан мен Өзбекстанның діни саясаттағы тәжірибесін шартты түрде Кеңес үкіметінен бері қарай саралаудағы мақсатымыз – екі елдің ортақ саяси құрылымдағы өткенімен байланысты еді. Одан бөлек, зерттеуімізде назарға алған негізгі мәселені белгілі бір кезең аясында шектей отырып, барынша объективті тұжырымдарға қол жеткізуді мақсат тұттық. Әрі Кеңес үкіметі кезіндегі діни саясаттың инерциясы белгілі бір деңгейде әлі де өміршең екендігі өз алдына, сол кезеңде қалыптасқан құрылымдық, институттық жүйенің қазіргі күні жаңаша мазмұнда трансформацияланғанын көреміз.

СССР екі елдің тарихында маңызды рөл ойнаған саяси құрылым екенін айта отырып, мемлекеттік тұрғыда атеизмді орнықтыру үшін дінді қоғамнан аластату мен болашақта та діни сенімнің ықпалынан қоғамды толық тазарту бағытында жұмыс істегенін тілге тиек етпеске болмайды (Kowalewski, 1980, 426-441; Keller, 2001, 11-49). Екі елдің діни қайраткерлері қуғынға ұшырап, ескішіл, ұлтшыл, қоғамға қауіпті элемент деген айыппен түрмеге отырғызылды, айдауға жіберілді (Бабаджанов, Муминов, Кюгельген, 2007, 7-31). Бұл тарих сол кезеңдегі саяси құрылымның қаншалықты озбыр болғанын әшкерелейді (Rahman, 1979, 30-31).

Әйтсе де Кеңес кезінде бақылау мен қажет кезде пайдалану мақсатында мемлекеттік аппараттың дінді қару ретінде қолданғанын көреміз. II Дүниежүзілік соғыс кезінде Орта Азия мен Қазақ ССР-і құрамындағы халықты фашистерге қарсы жұмылдыруды да көздей отырып құрылған САДУМ (Среднеазиатское Духовное Управление Мусульман) Өзбекстан мен Қазақстандағы діни саясаттың орталық құрылымына айналды (Сухопаров, 1991, 109-112). 1943 жылы 20-23 қазан күндері өткен Орта Азия

мен Қазақстан мұсылмандары өкілдерінің құрылтайы барысында ұйымның құрылғандығы жайлы қаулы қабылданды (Karklins, 1980, 65-81). Ұйымға Одақтық бес республиканың: Өзбекстан, Қазақстан, Түркменстан, Қырғызстан және Тәжікстанның делегациясы мүше болып, осы ұйымның негізінде ұлт республикаларында бөлімшелер (казият) құрылған еді. Кеңес үкіметінің ұлт республикаларындағы мұсылман жұртшылықтың ұйымын құрып берудегі мақсаты фашизмге қарсы жергілікті халықты жұмылдыру болды дейтін себебіміз, САДУМ-ның бірінші мүфтиі Ишон Бабахановтың (1856-1957) алғашқы пәтуасы әскери немесе басқа да мақсатта сапар барысында кітап иелерінің (христиан немесе яһуди) асын жеуге бола ма деген мәселеге қатысты болды (Бабаджанов, 2018). Бұл сол кездегі Кеңес билігінің фашистерге қарсы мұсылмандарды жұмылдыру үшін әрі азаматтарының басым бөлігі мұсылман саналатын Орта Азиядағы ұлт республикаларындағы діндар қауымды орталықтанған құрылым арқылы басқаруды көздейтін саясаттың болғанын дәлелдейді.

Құрылтайға Қазақстан делегациясын бастап барған шейх Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов (1884-1953) Қазақстандағы казиятқа кази болып тағайындалды. Ол 1946 жылдан бастап Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қазақстандағы өкілі, Алматы қаласының имамы қызметін атқарды (Тасар, 2018, 30-35).

1952-1972 жылдар аралығында Сәдуақас Ғылмани (1890-1972), 1972-1979 жылдар аралығында Жахия қажы Бейсенбайұлы (1932-1997) кази болды. 1990 жылғы 12 қаңтарда өткен Қазақстан мұсылмандарының тұңғыш құрылтайында, САДУМ-нан бөліну туралы қаулы қабылданып, дербес Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылды. Басқарманың тұңғыш төрағасы, Бас мүфтиі Рәтбек Нысанбаев болды (ҚМДБ, 2021).

Ал Өзбекстанда 1989 жылдан 1993 жылға дейін Мұхаммед Садық Мұхаммед Юсуф бас мүфти болып қызмет атқарды. Бұл аралықта Өзбекстан Республикасының да дербес басқармасы құрылған еді. Тәуелсіздіктен кейін Өзбекстандағы діни басқарма ӨМБ (Өзбекстан мұсылмандары басқармасы) болып өзгерді.

Кеңес кезеңінде САДУМ-ның жанынан 1946 жылы Мир-и ‘Араб медресесі (1946), кейіннен Ташкентте Баракхан (1956-1962) және Жоғары ислам институты (1971) құрылған еді.

Екі елдің тарихында алар орны ерекше бұл құрылымның тәуелсіздіктен кейінгі діни ахуал-

ға, жалпы мұсылмандықтың дамуына, діни білім берудің артуына үлесі айтарлықтай. Құрылымдық өзгерістен бөлек, мазмұндық жағынан да трансформацияланған басқарманың бағыты мемлекет пен діннің арақатынасында да айтарлықтай дәнекер болуда десек қателеспейміз. Екі елдің мемлекеттік дін саясатындағы тұжырымдамалардың тарихи ортақ негізіне мысал бола алатындықтан САДУМ-ның тәжірибесі екі ел үшін де маңызды.

Жаһандық геосаясатта діни экстремизм мен терроризм проблемалары күн тәртібіндегі мәселеге айналуына байланысты аймақтық қауіпсіздікті сақтау бағытында екі ел 1992 жылы 15 мамырда Ташкент қаласында құрылған ТМД елдерінің әскери-саяси қауіпсіздік ұйымы саналатын ҰҚШҰ-ға (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) мүше болды. Содан бері бұл ұйымның күн тәртібінде аймақтық қауіпсіздік мәселелерінің қатарында діни лаңкестікпен байланысты қауіп-қатерлер жайы сөз болып, ұйымдасқан шаралар қолға алынып келеді.

Бұдан бөлек, 1996 жылы Шанхай бестігі деген атаумен Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан құрылтайшы ретінде кірген ұйымға 2001 Өзбекстан да мүшелікке өткен еді. Сол кезден бастап ШЫҰ (Шанхай ынтымақтастық ұйымы) деп аталған үкіметаралық ұйым, өзге міндеттерден бөлек, ортақ күш жұмсап аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында да іс атқарып келеді. Қазақстан мен Өзбекстанның аталмыш екі халықаралық ұйымға мүше болуы тағдырлас ел ретінде аймақтық қауіпсіздік бағытында ортақ жауапкершілікті сезінуін әрі діни экстремизм, лаңкестік пен терроризмге қарсы ымырасыз саясатын танытады (Fredholm, 2003, 4).

Халықаралық қауымдастықпен бірлесе отырып әрі терроризмге қарсы ымырасыз саясаттың арқасында Өзбекстан Республикасы 1990 жылдардың екінші жартысы мен 2000 жылдардың ортасына қарай күш қолданушы әскери исламдық экстремистік топтарды қоғамнан аластап, ел территориясынан шығарып тастай алды. Әйткенмен ондай қарулы қақтығысты құптамайтындай көрінетін Хизб-ут Тахрир және Таблиғ-и жамаат сынды шетелдік діни топтар сол радикалдардан босаған вакуумды толтырмаққа күш салды. Хизб-ут Тахрир күш қолдануды әдетте қолдамайтын, бірақ барша мұсылманды біріктіруді көздейтін әрі әлемдік Ислам халифатын құруды көздейтін ұйым. Бұл ұйым

1990 жылдары Орталық Азияда өте қарқынды тарады, ал 2000 жылдардың ортасында бұл ұйымның кең тарауына байланысты үлкен қауіп туды. Алайда 2010 жылдан соң бұл ұйым Өзбекстанда бұдан әрі жұмыс істеуін тоқтатқан еді. Қазақстанда да бұл ұйымның қызметіне тыйым салынды (Karagiannis, 2010, 7-192; Karagiannis & McCauley, 2006, 315-334; Chaudet, 2006, 113-125; Cornell & Spector, 2006, 113-125). Бұл қос елдің мемлекеттік саясатындағы дінмен байланысты келетін қауіп-қатерге қатысты тұжырымдамалардың ұқсастығын танытады. Осы бағыттағы мемлекеттік саясаттың ұстанған бағытын Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев ШЫҰ басқосуларында әрдайым күн тәртібіне шығарып отырады. 2017 жылы Астана қаласында өткен ШЫҰ-ның саммитінде Самарқанд қаласында құралатын Имам Бухари орталығының «Ислам мәдениеті мен құндылықтарын насихаттауға қызмет ететінін, жастарды түрлі жат идеялардан қорғап, жас буынға заманауи білім мен тәрбиені берумен қатар жүректеріне ұлы бабаларының қасиетін сіңіруге атсалысатынын» тілге тиек еткен еді (Shavkat Mirziyoyev, 2016).

Екі елдің дін мен мемлекет қатынасын реттейтін заңнамалық-құқықтық базасына тоқталар болсақ, зайырлы, құқықтық әрі демократиялық ел ретінде өзін айқындағаны белгілі болады. Алайда 1992 жылы 8 желтоқсанда қабылданған, кейіннен бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Өзбекстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік зайырлылығы жайлы тікелей сөйлем жазылмаған, бірақ бұл ол елдің құрылымы зайырлылық молделді ұстанбайды дегенді білдірмейді. Өзбекстан Конституциясының I тарау, 12 бабында «Өзбекстан Республикасында қоғамдық өмір саяси институттар, идеологиялар мен көзқарастардың әралуандығы негізінде дамиды. Ешбір идеология мемлекеттік ретінде негізделмейді» делінген. Сол сияқты тікелей сенім бостандығына қатысты 7 тарау, 31 бабында «Барша азаматтарға сенім бостандығы үшін кепілдік беріледі. Әрбір адам өз дінін насихаттауға немесе ешбір дінді насихаттамауға құқылы. Діни сенімді күштеп таңуға рұқсат етілмейді» делінген (Конституция Республики Узбекистан). Бұл зайырлы мемлекеттің сипатын танытады. Ал діни тіршілікті реттеуге қатысты Өзбекстан Республикасының заңының атауы да зайырлылықты танытады. 1991 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы мен діни ұйымдар

жайлы заңына» 1998 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген еді. Аталмыш заңның 5 бабында «Өзбекстан Республикасында дін мемлекеттен ажыратылған» деп жазылған (Закон Республики Узбекистан, 1998). Мұны да зайырлылық моделін танытатын құқықтық өлшем дей аламыз.

Ал Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттің «демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік» екендігі айқын түрде жазылған (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995). Дін саласын реттейтін заңда да «мемлекеттің зайырлылығы» нақтыланған, кез келген діни сеніміне қарамастан азаматтардың тең құқықты екендігі және діни-сенім бостандығына кепілдік берілетіні жазылған. Сондай-ақ, 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңының орнына, 2011 жылы арнайы қабылданған «Діни қызмет пен діни ұйымдар жайлы» заңының преампуласында «ханафилік ислам мен православ христиандығының тарихи рөлін мойындайды» деген сөйлем кірген (Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы, 2011).

Мемлекет пен дін қатынасына қатысты мұндай тәжірибенің көптеген елдерде жүзеге асып жатқаны белгілі. Профессор Қайрат Затов мұны қазіргі еуропалық елдерде кеңінен қолданыста бар құқықтық ұстаным екенін айтады: «Мемлекет пен конфессиялық қарым-қатынастың кооперациялық үлгісінің тағы көрінісі ресми танылған (дәстүрлі) дін мәртебесін беру. Белгілі бір конфессияны дәстүрлі деп тану оның осы елді мекендейтін халықтың рухани өміріндегі тарихи-мәдени маңызын мойындаумен байланысты. Бұл осындай діни ұйымдарға қосымша құқықтар беретін мемлекеттік заңнамада көрініс береді. Алайда, дәстүрлі дін мәртебесінің нақты мазмұны әр елде әртүрлі болуы мүмкін». Мысалы, Литва Республикасының «Діни қауымдар мен қауымдастықтар» туралы заңы мемлекеттегі тоғыз қауымдар мен қауымдастықтарды дәстүрлі деп таниды (Затов, 2013, 31). Зайырлылықтың түрлі қалыптарын зерттеуші М. Исахан, мемлекеттің діни ұйымдармен серіктес болуы, азаматтардың заманауи ұлттық-мәдени және діни ерекшеліктерін ескере отырып, оған қолдау танытуы тән болып келетін зайырлылық үлгісін идентификациялық зайырлылық деп атайды (М. Исахан, 2020).

Екі елдің діни салаға қатысты мемлекеттік саясатын айқындайтын құқықтық базасын саралар болсақ, діни салаға қатысты концепциялар заман

шарттарына сай өзгеріп отырғаны көрінеді. Әсіресе діни экстремизм мен терроризм қауіпі қоғамда бой көрсеткен тұста, зайырлылықтың идентификациялық моделіне қарай ізденістердің көрініс тапқаны байқалады. Қазақстанның соңғы қабылданған заңында ханафилік ислам мен православ христиандығының тарихи рөліне басымдық беруі мұның айқын көрінісі. Бұл бір шетінен ҚМДБ-ның (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы) бейресми болса да статусын айқындап, ислам атын жамылған діни экстремистік топтардың әрекетіне қарсы «дәстүрлі исламның» әлеуетін пайдалану түрінде көрініс тапса, бір жағынан мемлекеттік аппараттың ҚМДБ секілді ұйыммен бірлесе әріптестік негізде діни саланы бақылауына мүмкіндік бергенін тілге тиек ету қажет. Христиандық православиеге де қатысты да соны айтуға болады. Қазақстан Республикасында қабылданған соңғы заңда діни бірлестіктердің қайта тіркелу ережелері де өзгеріп, әсіресе протестанттық бағыттағы христиандық секталардың миссионерлік әрекетіне бақылау күшейгені байқалады.

Екі елдің Конституциясы мен арнайы дін туралы қабылданған заңдарына зер салғанда тағы бір ұқсастықты байқауға болады. Ол ұлттық және діни негізге орай партия немесе саяси ұйым құруға болмайды деген баптың болуы. Тәуелсіз ел ретінде енді ғана буыны қатайып келе жатқан екі ел үшін этникалық және діни негізде поляризацияның көрініс бермеуі әрі ортақ бірегейлікті қалыптастыру маңызды болатын. Бұл тұрғыда екі елдің діни саладағы мемлекеттік саясатта ұстанған тұжырымдары өзін-өзі ақтағанын тілге тиек еткен дұрыс. Себебі 90 жылдары Қазақстан мен Өзбекстан да ұлттық әрі діни негіздегі сепаратизм қауіп-қатерімен бетпе бет келген болатын. Мұны екі мемлекет те Конституцияда көрсетілген діни және ұлттық негізде саяси партия немесе ұйым құруға болмайды деген ұстаным арқылы оңтайлы шешкені байқалады (Malik, 2019, 351-369).

Екі елдің діни білім беруді реттеу, діни білім беру барысында жергілікті мектептің, ханафилік мәзһабтың тәжірибесіне басымдық беруі – діни негізде қоғамда шиеленісті болдырмау үшін жасалған қадам деуге болады.

Өзбекстанның алғашқы президенті Ислам Каримовтың тұсында басталған діни экстремизммен күресе отырып, жергілікті мектептің негізінде діни білім беруді дамыту стратегиясы қазір институттық даму сатысына, Кеңес үкіметі кезінде әбден әлсіреген ханафилік дәстүрді

дамытуға қарай өрбуде. Каримов кезіндегі діни саладағы мемлекеттік саясаттың концепциясы осы бағытта дамыды деп айта аламыз. Оған Ислам Каримовтың мына сөзі дәлел: Ағартушылық, толерантты исламға күш-жігер жұмсап, оның исламда басымдыққа жеткісі келетін соғысқұмар, фанаттық күштерге қарсы тұруына көмек беруіміз қажет» (Гафуров, 2018, 48).

Тәуелсіздік алған соң Өзбекстанда дінге қатысты жаңа ұстаным ойластырылды. Дінге қатысты мемлекеттік саясатта екі қағида басшылыққа алынады: 1) Мемлекеттің зайырлы сипаты, 2) мемлекеттің толеранттылығы – барша дінге төзімділік пен тең құқықтық қатынас ұстану, дінмен жасампаздық әріптестік орнатуға ұмтылу.

Діни саланы ретке келтіруде діни бірлестіктердің баршасын қайта тіркеуден өткізу, соның ішінде конфессионалдық білім беру мекемелерін де тіркеуден өткізу ісі маңызды қадам болды. Мемлекет Өзбекстан мұсылмандары басқармасына (ӨМБ) діни білім беру мекемелерін ретке келтіру ісінде көптеген қолдау білдірді. Бұл істер заңнамалық тұрғыдан алғанда тіркеу мен лицензия беруде талаптарды күшейтумен көрініс тапты. Бұл бір шетінен лайықты, білімді діни кадрларды даярлау ісін жолға қоюға септігін тигізді. 2018 жылы Шавкат Мирзеев Бұхара қаласында «Мир Араб» жоғарғы медресесін ашқан еді, ал Ташкенттегі бұған дейін Ислам институтымен қатар, 10 шақты исламдық орта білім беру мекемесі жұмыс істеп тұрған еді. Оның ішінде 2 қыздар мектебі де бар.

Өзбекстанда мемлекеттің Діни басқармамен және соған қарасты діни білім беру мекемелерімен байланыс құруы, қолдау танытуы, бірінші сол білім беру мекемелерінің аттестаттарының мемлекеттік аттестаттармен теңдестірілуімен, екінші мәдени нысан ретінде мемлекеттік тіркеуге өткен діни объектілердің (медресе, мешіт) Өзбекстан мұсылмандар басқармасына қолданысқа берілуімен, үшінші мешіттерді, діни білім беру ордаларындағы имам-хатиптер мен ұстаздарды қолдау, нысандарды реконструкциялау істеріне қаржылай көмектің берілуімен көрініс табуға (Гафуров, 2018, 48-49).

Мемлекеттің дәстүрлі діни-рухани мұраны тереңірек зерделеуге және жаңғыртуға қатысты қолға алған істерінің тағы бір парасы ретінде 2017 жылы Термез қаласында Имам Термизи атындағы зерттеу орталығының, Самарқандта Имам Бухари орталығының және ел астанасы Ташкентте Ислам өркениеті орталығының ашы-

луын айта кету керек (Лаумулин, 2020, 19). 2017 жылы Өзбекстан мұсылмандар басқармасының жанынан да бес ислам ғылымы мектебі ашылған болатын. Олар: Ферғанада Бурханиддин әл-Маргинани атындағы фықһ мектебі; Самарқандта әл-Бухари атындағы хадис мектебі, Қашқадарияда Имам әл-Матуриди мен Әбу-л Муин ән-Насафи атындағы ислам теологиясы (ақида) мектебі; Бұхара қаласындағы Бахауиддин Нақшбанди орталығында тасаууф мектебі. Ал 2017 жылы президент Шавкат Мирзиёевтың жарлығымен Өзбекстан Ислам академиясы құрылды (Cognell & Zenn, 2018, 31-40). Мемлекеттік емес бұл жоғары оқу орнының әрі ғылыми-зерттеу орталығының құрылтайшысы Өзбекстан мұсылмандар басқармасы болып бекітілген еді.

2017 жылы 12 қыркүйекте Өзбекстан халқы Бас ассамблеясында сөйлеген сөзінде Академияның құрылуына қатысты былай деген еді: “Біз ғасырлар бойы ұлықталып келе жатқан қасиетті дініміздің құндылықтың шұғыласын қадір тұтамыз. Ұлы дінімізді зорлық-зомбылықпен және қантөгіспен байланыстырғысы келетіндермен ымырасыз күресеміз әрі қатаң түрде айыптаймыз” (Shavkat Mirziyoyev, 2017).

Мұның барлығы Өзбекстанда зайырлылық қағидасы жергілікті мектептің негізінде, өзбек халқының діни-рухани мұрасын қайта жаңғырта отырып, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында жүргізіліп жатқандығын көрсетеді. Бұл Өзбекстандағы діни салаға қатысты мемлекеттік саясаттың концепциясы идентификациялық зайырлылыққа қарай дамып жатқанын білдіреді.

Байқағанымыз, Шафкат Мирзиёев тұсында кең көлемде діни саланы жат идеялардан қорғау ісі мемлекеттік дәрежеде қолға алынуда. Өзбекстанның Орталық Азиядағы мәдени әлеуетін жақсы түсінетін әрі геосаяси тұрғыдан да жергілікті мұраны сақтап, қоғамда дұрыс діни танымның дамуына атсалысу қажеттігін сезінетін басшы ретінде Өзбекстан президенті тарихи шешімдер жасауда. Бұл өз кезегінде Орталық Азияның барша мемлекеттерінің тарихи бастауына, діни танымның сабақтастығын қайта жалғауына серпін беретін жағдай болары сөзсіз.

Қазақстанда 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы діни білім берудің қайта жаңғыруына әсер етті. Діни білім беру ұйымдарының қатарында ислам, православие, католик, інжілдік христиан-баптистер, т.б. конфессиялардың діни бірлестіктеріне қарасты оқу орындары пайда болды.

2011 жылдың 11 қазанында ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданған соң діни білім беру ұйымдарының қызметіне байланысты өзгерістер пайда болған еді. Аталған заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес діни білім беру ұйымдарын тек республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктер ғана құра алатын болды. Заң бойынша мұндай ұйымдардың діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында құрылуы көзделді. Осы нормаға сәйкес 2012 жылы жүргізілген діни бірлестіктерді қайта тіркеу үдерістері негізінде бұған дейін діни бірлестік ретінде қызмет атқарып келген діни оқу орындары таратылып, олардың 13-і республикалық діни бірлестіктер құрамындағы оқу мекемелері ретінде қайта құрылды.

Дәл қазір Қазақстанда ҚМДБ-ға қарасты 9 медресе, республикалық Имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, «Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістани» республикалық қарилар дайындау орталығы, «Ықылас» қарилар дайындау орталығы секілді 12 діни білім беру ұйымы қызмет атқарады. Исламдық білім беру жүйесінің жолға қойылуында мемлекеттің қолдауымен ҚМДБ шешуші роль атқарып келеді (Алтайқызы, 2020, 97-105).

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті 2001 жылы Египет Араб Республикасы мен Қазақстан Республикасының үкіметтері арасындағы келісімге сай құрылған. Университетке жалпы басшылық ететін және оның қызметін екі тараптан үйлестіретін Қамқорлар кеңесінің құзіретіне қаржы, мәдени, білім беру саясатын қалыптастыру кіреді. Университеттің білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы бар. Университетте берілетін мамандықтар ҚР жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарымен қамтамасыз етілген (Әбдірасілқызы, 2013).

Көріп отырғанымыздай, екі елдің зайырлылық моделінде діни білім беруді дәстүрлі мұраны есепке ала отырып мемлекеттің қолдауымен іске асыру ісі жолға қойылып келеді. Бұл қоғамдағы діни алауыздықтың алдын алу мақсатында заман шарттарына сай жаңа шешімдер мен оңтайлы концепцияларды іске асыру бағытында көрініс беріп отыр.

Зерттеуіміздің тағы бір қыры мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен әріптестік қатынас орната отырып діни салада толеранттылық пен зайырлылық қағидаларын дамытуды қолға алуы жайында. Бұл әсіресе екі елде де мұсылман

қауымының басын біріктіріп отырған Өзбекстан мұсылмандары басқармасы (ӨМБ) мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) өкілеттігін кеңейту, ағартушылық бағытында, сондай-ақ діни білім беру ісінде әріптестік таныту, діни радикализм мен терроризмнің алдын алу ісінде мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе әрекет ету арқылы көрініс беруде.

Қазақстанда дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасында «дін саласындағы мемлекет саясатының мақсаттарына сәйкес келетін діни бірлестіктердің қоғамдық бастамаларына жан-жақты қолдау көрсету; дінге сенушілердің белгілі бір бөлігінің көзқарастарының радикалдану деңгейін азайту, радикалды діни ағымдардың идеяларына қарсы іс-қимыл, теологиялық тұрғыдан олардың идеологияларының беделін түсіру мақсатында діни бірлестіктермен көптеген мәселелер бойынша белсенді түрде өзара іс-қимыл жасау» және осыған сипатта құқықтық нормалар қарастырылған (Исахан, 2018).

Өзбекстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмнің дамуына әсер ететін жағдайларды жою мақсатында нақты шаралар қолға алынып келеді. Соңғы жылдары жастар саясаты мен гендерлік саясат күшейіп, экстремистік күш қолдану мен террористердің арбауына түсу ықтималдығын азайту мақсатында білім беру, тұрақты даму мен әлеуметтік әділдікті нығайту бағытында бастамалар іске асуда.

Өзбекстанның 60 пайыз тұрғынын жастар құрайтындықтан, 2016 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданып, олардың білім алуы мен жұмысқа тұруына, діни экстремизм мен терроризмнің ықпалын қорғау мақсатында «Жастар ісі бойынша» агенттік құрылды. Жастар ұйымдары арқылы агенттік аталмыш заңға сүйене отырып, сан салалы жұмыстарды іске асыруда.

Жергілікті Ішкі істер басқармаларында тәжірибелі теологтар мен имамдардан құралған консультациялық орталық құрылып, тұрғындарды дерадикализациялау істері іске асуда. Бұл орталыққа анонимді түрде келіп, тұрғындар мазалаған ойларына қатысты білікті мамандардан жауап ала алады.

Осы шаралардың бір парасы ретінде, жоғарыда айтылып өткен Өзбекстан мұсылмандары басқармасы жанынан құрылған орталықтар мен зерттеу институттары да халық арасында мемлекеттің зайырлылық ұстанымы мен толеранттылыққа негізделген жергілікті ислам мұрасын насихаттап жатқанын тілге тиек еткен орынды.

Діни экстремизммен күрес және халық арасында толерантты ислам құндылықтарын насихаттау – мемлекеттік аппарат пен білікті діни мамандардың бірлесе отырып атқаратын іс-шаралар тізбегінен тұрады. Бұл тұрғыда Өзбекстан Республикасындағы жастар саясаты мен Өзбекстан мұсылмандары басқармасының атқарып жатқан істері жүйелі түрде тұжырымдалған мемлекеттік саясаттың бар екенін танытады. Зерттеу орталықтары мен ғасырлар қойнауынан сыр шертетін мәдени нысандардың діни басқармаға қолданысқа берілуі – халық арасында дәстүрлі исламдық құндылықтарға қатысты оң көзқарасты қалыптастырары сөзсіз. Сондай-ақ ел арасында діни танымның сабақтастығын арттырады, мұсылмандық пен патриоттық сезімнің, діни сана мен ұлттық сананың қатар ұлттың болмысын қалыптастыратынын еске салады. Әдетте радикал ұстанымдағы діни топтар жергілікті мұсылмандық діни тәжірибені исламға жат қылып көрсетіп, өз жақтастарын ұлттық болмыстан, сан ғасырлық тарихы бар рухани мәдениетінен айыруға тырысады. Осы орайда Өзбекстандағы дәстүрлі діни мұра аясында мұсылмандық идентификацияны қалыптастыру тұжырымдамасы – ұлттық һәм діни бірегейлікті зайырлы құндылықтармен ұштастыру бағытында көрініс тапқан оңтайлы саяси шешім екеніне көз жеткіздіреді. Діни білім беру мен міндетті орта білім бағытында аталмыш дүниелердің концептуалды түрде іске асуы, зерттеуіміздің басында айтып кеткендей, орта ғасырларда ғаламат интеллектуалдық орта қалыптастырған Орталық Азия елдерінің рухани-мәдени, ғылыми потенциалын қайта өркендетуге, бейбіт исламның дәстүрін әлемге паш етуге мүмкіндік береді. Себебі ислам әлемінің қазір көзден жазып қалған құндылығы да осы. Осы тұрғыда Өзбекстанның дін саласындағы мемлекеттік саясаты концептуалдық маңызы тұрғысынан да, тәжірибе тұрғысынан да өте құнды.

Екі елдің діни саладағы мемлекеттік тұжырымдамаларына зер салғанда осындай ұқсастықтар мен жергілікті шарттарға сай ерекшеліктерді байқаймыз. Өзбекстанның өткені мен Орта Азиядағы ислами білім беру орталығы ретіндегі әлеуеті діни саланы дәстүрлі мұра аясында жаңғырта отырып, толеранттылыққа негізделген интерпретациясын дамытуға өте қолайлы фактор дегіміз келеді.

Нәтижелері және талқылама

Мақаланың нәтижелеріне келсек, зерттеуде басты методология ретінде екі ел арасындағы діни салаға қатысты мемлекеттік саясаттағы тұжырымдамаларды таразылайтын өлшем ретінде салыстырылды. Зерттеудің сапалық негізін терендету мақсатында, дін саласында қолға алынып жатқан бастамалардың әлеуеті мен жағымды әсері сараланды. Тағдырлас екі елдің тарихи өткені мен діни мұрасы дін саласын реттеудегі мемлекеттік ұстанымның басты өлшемі ретінде сараланып, институционалдық тұрғыдан қалай іске асып жатқаны феноменологиялық негізде зерделенді. Зайырлылықтың басты құқықтық ұстаным ретінде дін саласын реттеудегі әлеуеті сараланды. Дін саласындағы бетпе бет келіп жатқан шарттарға орай зайырлылық ұстанымның эволюциялануы құқықтық, діни білім беру, аймақтық қауіпсіздік және мемлекет пен қоғамдық ұйым арасындағы әріптестік бағытында қалай өрбіп жатқаны тарихи-философиялық әдіс негізінде тұжырымдалды. Екі елдің діни салаға қатысты мемлекеттік саясатындағы басым бағыттар мен концепциялардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері сараланды.

Қорытынды және тұжырымдама

Қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығы – азаматтарының тең құқықты, бақуатты әрі әділдік үстемдік құратын саяси құрылым аясында өмір сүруімен өлшенетін әлеуметтік құбылыс. Адамзат қоғамы өзінің эволюциялық даму сатысында осы аталған құндылықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін зайырлы, құқықтық мемлекет құру мүмкіндігіне ие болды. Барша қоғам мүшелерінің құқықтарының сақталуында және тұрақты, бейбіт ортада тіршілік ету арманын жүзеге асыруында мемлекеттік аппараттың орны ерекше. Ал мемлекеттік механизмнің осы

мұраттарды іске асырудағы бағыты мемлекеттік саясаттағы нақты концепциялар арқылы көрініс табады.

Өзбекстан мен Қазақстанның діни саладағы мемлекеттік саясатының тұжырымдамасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын басты өлшем ретінде қарастыратын зайырлылық моделіне сүйенеді. Ол үшін заңнамалық-құқықтық, діни білім беру мен аймақтық қауіпсіздік және үкіметтік емес ұйымдармен мемлекеттік аппараттың әріптестігі бағытындағы мемлекеттік саясатқа зер салу маңызды. Аталған міндеттер зерделенсе, екі елдің діни салаға қатысты мемлекеттік саясатында ұқсастықтардың басым екенін байқауға болады.

Өзбекстанның Кеңестік кезеңде Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының орталығы болуы – екі елдің ортақ коммунистік идеологияның аясында діни саясаттың тәжірибесін бастан кешіріп келгенін көрсетеді. Тәуелсіздік жылдарынан бері қарай зайырлылық ұстанымын негіз етіп алған қос елде діни білім беруді қолға алу мен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда мемлекеттік саясаттың ұқсас тұжырымдамалары іске асып келеді. Қорыта айтқанда, Өзбекстан мен Қазақстандағы дінге қатысты мемлекеттік саясат идентификациялық зайырлылық қағидасын басшылыққа алады дей аламыз. Бұған 90 жылдардан бері қарайғы мемлекеттік саясаттың дамуы арқылы, азаматтардың талап-тілектерін ескере отырып, қоғамдық тұрақтылық пен тарихи-мәдени сананы жаңғырту арқылы жетіп отыр. Діни саланы мемлекеттік саясаттың реттеуі – ғылыми ізденіс пен мемлекеттік аппараттың жан-жақты талқылауымен, қоғаммен бірлесе отырып тұжырымдамаларды іске асырумен іске асатын күрделі процесс. Осы бағыттағы екі елдің ұстанған бағыты орнықты һәм байсалды саяси шешімге толы деп айта аламыз.

Әдебиеттер

- S. Frederick Starr. (2013). *Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Invasions to Tamerlane*. Princeton University Press.
- Alexandre Bennigsen & Chantal Lemerquier-Quellejay. (1979). "Official Islam in the Soviet Union". *Religion in Communist Lands*: Volume 7, Issue 3.
- Kowalewski D. (1980). "Protest for Religious Rights in the USSR: Characteristics and Consequences". *The Russian Review*: Vol. 39, No. 4.
- Shoshana Keller. (2001). *To Moscow, Not Mecca: The Soviet Campaign against Islam in Central Asia, 1917–1941*. Westport: Praeger.
- Бабаджанов Б.М., Муминов А.К., А. фон Кюгельген. (2007). *Диспуты мусульманских религиозных авторитетов в Центральной Азии в XX веке*. – Алматы: Дайк-Пресс.

Fazlur Rahman. (1979). "Evolution of Soviet policy toward Muslims in Russia: 1917–1965". *Institute of Muslim Minority Affairs*. Journal 1:2.

Александр Сухопаров. (1991). Советские мусульмане: между прошлым и будущим // *Общественные науки и современность*. – №1 (38).

Rasma Karklins. (1980). "Islam: How Strong Is It in the Soviet Union? Inquiry Based on Oral Interviews with Soviet Germans Repatriated from Central Asia in 1979", *Cahiers du Monde Russe et Soviétique*, vol. 21 no.1.

Б. Бабаджанов. (2018). "САДУМ как проект по формированию "советского ислама". *CAA NETWORK*, https://www.caa-network.org/archives/13643?fbclid=IwAR28s9Ow7-PMmii5xo_8OGaPifK5M_ua38EM_LmhxYd3RTeCqK-AyZ_NRao

Eren Tasar. (2018). *Soviet and Muslim: The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943-1991. Oxford University Press.*

ҚМДБ. Қысқаша тарихы. (2021). <https://www.muftyat.kz/kk/kmdb/>

Michael Fredholm. (2003). Uzbekistan and the Threat from Islamic Extremism, *Sandhurst: United Kingdom Royal Military Academy, Conflict Studies Research Centre*, Report no. K39, March 2003, p. 4.

Emmanuel Karagiannis. (2010). *Political Islam in Central Asia: The Challenge of Hizb Ut-Tahrir*, London: Routledge.

Emmanuel Karagiannis and C. McCauley. (2006). "Hizb ut-Tahrir al-Islami: Evaluating the Threat Posed by a Radical Islamic Group That Remains Nonviolent". *Terrorism and Political Violence*, Vol. 18.

Didier Chaudet. (2006). "Hizb-ut-Tahrir: An Islamist Threat to Central Asia". *Journal of Muslim Minority Affairs*, vol. 26 no. 1.

Svante E. Cornell and Regine Spector. (2002). "Central Asia: More than Islamic Extremists". *Washington Quarterly*, vol. 25 no. 1.

"President Shavkat Mirziyoyev: New centre will serve for Islamic culture development". uza.uz, June 12, 2016. uza.uz/en/politics/president-shavkat-mirziyoyev-new-centre-will-serve-for-islam-12-06-2017

Конституция Республики Узбекистан / <https://constitution.uz/ru/clause/index#section2>

Закон Республики Узбекистан о свободе совести и религиозных организациях (1998) / <https://www.lex.uz/acts/65089>

Конституция Республики Казахстан (1995) / http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» (2011) / https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31067690#pos=3;-106

Затов Қ. (2013). "Зайырлы мемлекет және дін" // *ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы*. №1 (42).

Исахан М. (2020). "Зайырлылық құндылығының бағыттары". <https://kazislam.kz/zajyrylyq-qundylyghynyng-baghyttary/>

Bilal A. Malik. (2019). "Islam in Post-Soviet Kazakhstan: Experiencing Public Revival of Islam through Institutionalisation". *Asian Journal of Middle Eastern and Islamic Studies*. Volume 13, Issue 3.

Гафуров У.Т. (2018). История формирования и перспективы развития системы исламского образования Управления мусульман Узбекистана // *Россия и мусульманский мир*. – 2018 – 1 (307).

Лаумулин М.Т. (2020). *Центральная Азия в эпоху трансформации*. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК.

Svante E. Cornell & Jacob Zenn. (2018). *Religion and the Secular State in Uzbekistan. Silk Road Paper*

"President Shavkat Mirziyoyev addressed the 72nd Session of the United Nations General Assembly". uza.uz, September 20, 2017. uza.uz/en/politics/president-shavkat-mirziyoyev-addressed-the-72nd-session-of-t-20-09-2017?sphrase_id=2638544

Алтайқызы А. Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі / *Қазақстандағы оқу орындары және ислами білім беруді жетілдіру*. – Алматы: Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ және ФСДИ ҒК БҒМ ҚР, 2020. / <https://clck.ru/TX8Vh>

Әбдірасілқызы А. (2013). "Қазақстандағы діни білім жүйесі: тарихы, қазіргі жай-күйі және өзекті мәселелері". *kazislam.kz* <https://kazislam.kz/eislam-153/>

Исахан М. (2018) "Зайырлылық пен Ислам бір-бірімен толығымен қабысады деу – ағаттық". Ұлт порталы/ <https://ult.kz/post/mukhan-isakhan-zauryrlyk-pen-islam-bir-birimen-tolygy-men-kabysady-deu-agattyk>

References

S. Frederick Starr. (2013). *Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Invasions to Tamerlane*. Princeton University Press.

Alexandre Bennigsen & Chantal Lemerrier-Quelquejay. (1979). "'Official' Islam in the Soviet Union". *Religion in Communist Lands*: Volume 7, Issue 3.

Kowalewski D. (1980). "Protest for Religious Rights in the USSR: Characteristics and Consequences". *The Russian Review*: Vol. 39, No. 4.

Shoshana Keller. (2001). *To Moscow, Not Mecca: The Soviet Campaign against Islam in Central Asia, 1917–1941*, Westport: Praeger.

В.М. Babadzhанov, А.К. Muminov, А. фон Kyugelgen. (2007). *Disputy musulmanskih religioznyih avtoritetov v Tsentralnoy Azii v XX veke [Disputes of Muslim religious authorities in Central Asia in the 20th century]* / Almaty, Daik-Press.

Fazlur Rahman. (1979). "Evolution of Soviet policy toward Muslims in Russia: 1917–1965". *Institute of Muslim Minority Affairs*. Journal 1:2.

Aleksandr Suhoparov. (1991). "Sovetskie musulmane: mezhd u proshlyim i buduschim" [Soviet Muslims: between the past and the future]. *Obschestvennyie nauki i sovremennost*. №1 (38).

Rasma Karklins. (1980). "Islam: How Strong Is It in the Soviet Union? Inquiry Based on Oral Interviews with Soviet Germans Repatriated from Central Asia in 1979", *Cahiers du Monde Russe et Soviétique*, vol. 21 no.1.

